

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 қарашадағы N 1133 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 2 шілдедегі N 1024 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1108 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2015 № 1108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдау үшін бөлінетін ақшаны пайдаланудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 қарашадағы N 1133 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 43, 475-күжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Агенттің 2009 жылға арналған қызметіне ақы төлеу 49944921 (қырық тоғыз миллион тоғыз жүз қырық төрт мың тоғыз жүз жиырма бір) теңге мөлшерінде бекітілсін.";

3-тармақтағы "2008 жылға" деген сөздер "2009 - 2011 жылдарға" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*